

Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 431 "2020-2022 жылдарға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № 519 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 қыркүйекте № 7489 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9–1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 431 "2020-2022 жылдарға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6743 тіркелген, 2020 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшада:

кірістер - "48 734" сандары "51 034" сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімдері - "46 171" сандары "48 471" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

шығындар - "48 734" сандары "51 034" сандарымен ауыстырылсын;

3 тармақ келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 32 668 теңге белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

6-1 тармақта:

"3 413" сандары "5 713 сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімдегі 1-қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Е. БАЛБОСЫНОВ

Темір аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Избасов

Темір аудандық мәслихатының
2020 жылғы 15 қыркүйегі № 519
шешіміне қосымша
Темір аудандық мәслихатының
2020 жылғы 6 қаңтары № 431
шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Қайыңды ауылдық округ бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------|--|--------------------|
| | | | I. Кірістер | 51 034 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 2 153 |
| 1 | 01 | | Табыс салығы | 320 |
| 1 | 01 | 2 | Жеке табыс салығы | 320 |
| 1 | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1 833 |
| 1 | 04 | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 188 |
| 1 | 04 | 3 | Жер салығы | 145 |
| 1 | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1 500 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 410 |
| | 01 | 7 | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 210 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 210 |
| 2 | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 200 |
| 2 | 06 | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 200 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 48 471 |
| 4 | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 48 471 |

| | | | | | |
|-------------------|--------------|--------------|---|---|--------------------|
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | | 48 471 |
| Функционалдык топ | Кіші функция | Б Б әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| | | | | II. Шығындар | 51 034 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 25 010 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 25 010 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 25 010 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 24 020 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 990 |
| 04 | | | | Білім беру | 18 244 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 18 244 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 18 244 |
| | | | 041 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру | 18 244 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 4 280 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 4 280 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 4 280 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 3 300 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 280 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 700 |
| 13 | | | | Басқалар | 3 500 |
| | 9 | | | Басқалар | 3 500 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 3 500 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 3 500 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | | Сомасы (мың теңге) |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | | 0 |

| | | | | | |
|-------------------|--------------|--------------|---|---|--------------------|
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | | 0 |
| Функционалдык топ | Кіші функция | Б Б әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы | 0 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру | 0 |
| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | | Сомасы (мың теңге) |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | | 0 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | | 0 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | | 0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК